

Жастар кітап оқудан неге алыстап жатыр?

Қазіргі таңда жастардың көпшілігі бос уақытын әлуметтік желілерде өткізеді. Қысқа бейнероликтер мен түрлі ойын-сауық контенті кітап оқуға бөлінетін уақытты азайтып келеді. Бұл құбылыс қоғамда “жастар кітап оқымайды” деген пікірдің қалыптасуына себеп болды. Алайда мәселе тек жастарда емес, оларды кітап оқуға қызықтыратын ортаның жеткіліксіздігінде.

Кітап - адамның ой-өрісін кеңейтетін, сөздік қорын байытатын жәнесыни ойлау қабілетін дамытатын маңызды құрал. Көркем әдебиет адамды түрлі тағдылармен таныстырып, өмірге басқа қырынан қарауға үйретеді. Ал ғылыми және танымалдық әдебиеттер жаңа білім алуға мүмкіндік береді.

Дегенмен қазіргі таңда көптеген жас ақпаратты кітаптан емес, интернеттенталуға дағдылған. Себебі әлуметтік желідегі ақпарат жылдам әрі қолжетімді. Бірақ оның барлығы бірдей шынайы немесе сапалы бола бермейді. Сондықтан жастардың ақпаратты саралай білу қабілетін дамыту да маңызды.

Мамандардың пікірінше, кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру үшін мектептерде оқырман клубтарын көбейтіп, кітапханаларды заманауи форматта дамыту қажет. Сонымен қатар танымал тұлғалардың кітап оқу мәдениетін насихаттауы да оң әсерін тигізеді.

Қортындылай келе, кітап оқу - тек білім алудың емес, тұлғалық дамудың да негізі. Сандық технологиялар қаншалықты дамыса да, кітаптың адам өміріндегі орыны ешқашан төмендемейді. Сондықтан әр жас күн сайын кемінде 20-30 минутын кітап оқуға арнаса, бұл оның болашағына салынған маңызды инвестиция болар еді.